

Нурелова А.М.  
**Бағалаудың ауызша  
формасының әдіс-тәсілдері**

Бұл мақалада практикалық сабақтарды бағалаудың ауызша түрін жүргізудің әдіс-тәсілдері қарастырылады. Сонымен қатар осы әдістердің тиімділігі, тіл оқудағы маңыздылығына сараптама жасалған.

**Түйін сөздері:** бағалау, ауызша формасы, тиімділік, біліктілік

---

Nurelova A.M.  
**The oral form of assessment  
methods**

In this article discussed methods for assessment of oral form of practical learning.

Also, the effectiveness of these methods and analysis of oral forms of assessment in learning foreign languages were reviewed.

**Key words:** assess, oral form, competence, efficiency

---

Нурелова А.М.  
**Устная форма  
методов оценки**

В этой статье рассматриваются методы оценки устной формы практических занятий.

А также эффективность этих методов и анализ проведения устной формы оценки в изучении иностранных языков.

**Ключевые слова:** оценивать, устная форма, компетенция, эффективность.

## БАҒАЛАУДЫҢ АУЫЗША ФОРМАСЫНЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Практикалық сабақтарды бағалау түрі – ауызша бақылау түрінің әдістері өте көп. Тілді оқыту барысында сөйлеу қабілетін қалыптастыру, грамматика, жаттау сөздер, сөз тіркестерін қаншалықты дұрыс пайдаланатынын білу өте маңызды. Сөйлеу қабілетін дамыту үшін қолданылатын жаттығу түрлері де өте көп. Оның ішінде интервью, спич (сөйлеу), дискуссия, рөлдік ойындар кең қолданылады.

1970-жылдардың ортсына дейін сөйлеу үшін тек грамматиканы білу жеткілікті деп саналды, ал 1970-жылдардың аяғында әртүрлі саланың зерттеушілері тіл білімі саласын кең қарастырып, тілге қажетті біліктіліктерді зерттей бастады. Мысалы, социолингвист Нумес (1972) «Грамматикалық құрылымдарды қалай қолдану керектігін түсінбесе, оны оқу мәнсіз», «қашан, кімге, қалай сөйлеу керектігін білу – сөйлеу біліктілігіне аса қажетті» деп айтқан [1].

Сонымен қатар Canal (1983 ж.) сөйлеу компетенциясын 1) грамматикалық біліктілік; 2) социолингвистикалық біліктілік; 3) сөйлеу қарым-қатынасы; 4) стратегия құру біліктілігі деп төртке бөлді. Әрқайсысына жеке тоқталатын болсақ, грамматикалық біліктілікті – грамматика ережелері, сөздік қор, интонация, әріп, жазу деп көрсетті [2].

Ал басқа біліктіліктерді игеру үшін не қажет екен. Жапонияның атақты бір топ филологтары әр біліктілікті жеке-жеке зерттеп келесі тұжырымдар жасаған.

会話例 場面：大学の研究室で

学生：「先生の論文、見ました。素晴らしいですね。本当に先生はすごいですね。」先生：「。。。。。」

(Бұл оқытушы мен оқушының диалогы. Оқушы мұғалімін «мен сіздің баяндамаңызды көрдім, керемет екенсіз» деп мақтап тұр).

Бұл мысалда грамматикалық тұрғыдан сөз тіркестерінен еш қателік жоқ, бірақ оқытушының түрінде бір түсінбеушілік бар, бұл неліктен. Жасы кіші адам жасы үлкен адамға, бұл жерде оқушы оқытушыға 「すごいですね」 кереметсіз деп баға бере алмайды. Жапон тілінде мұғалім сияқты жасы үлкен немесе әлеуметтік сатысы жоғары адамдарға сыпайы форманы қолдану өте маңызды. Осы сияқты белгілі бір сөзді қолдану кезінде қандай тақырыпта, қандай жағдайда, қандай адамға, қалай айту

керектігінің ережесі бар. Осындай ережені сақтап, тілді қолдану қабілеттілігі **социоллингвистикалық біліктілік** деп айтылады [3].

Мысалы: 会話例 1 : A:子供がねつが出したので、帰らせていただきたいんですが。

B:あ、そうですか、いいですよ。

会話例 2 : A:あのう、すみません。

B:どうしたんですか。

A:実は、子供が熱が出したので、帰らせていただきたいんですが。

B:あ、そうですか、いいですよ。

A:忙しいときにすみません。

B:いいえ。

Жоғарыда берілген мысалдарды қарастыратын болсақ бірінші диалогта А сөйлеуші В дан балам ауырып қалды, ертерек қайтайыншы деп сұранып тұр. Ал екінші диалогта А жұмысын айтпас бұрын, кешіріңіз жұмысым бар еді деп диалогты бастайды, содан кейін жұмысын айтып, қарбалас кезінде уақытыңызды алғаныма кешірім сұраймын деп сөзін аяқтады. Әдетте диалог бір сөйлемнен ғана тұрмайды, бірнеше сөйлемнен құралып, бір мағынаны білдіретін жиынтықты сөйлесу деп атаймыз. Бір адаммен сөйлесу барысында біз бірден жұмысымызды айта бастамаймыз, табиғи, қалыпты диалогтарда кіріспе сөз, содан кейін негізгі тақырып және де қорытынды болады.

Осылай сөйлесуді бастап, оны әрі қарай жалғастыру, дамыту, бітіру – **сөйлеу қарам-қатынас біліктілігі** болып табылады[4].

Бір адаммен сөйлесіп тұрған кезде бір сөз ойыңызға келмей қойды немесе сөйлесіп тұрған адамның сөзін түсінбедіңіз немесе ол сіздің айтқаныңызды түсінбеді. Мұндай жағдайда не істеу керек.

Сөйлесу барысында қиналсаңызда, басқа тәсілдермен өз ойыңызды жеткізу, диалогты жалғастыру **стратегия құру біліктілігі** деп аталады [5].

Осы жоғарыда айтылған біліктіліктерді игергенін тексеру және бағалау әдісі қалай жүргізіледі.

Бағалау – тілді білу немесе білмеуді бағалау емес, тілді қолдана алатындығын бағалау [6].

Бағалау формалары әртүрлі болады, мысалы, сұрақ-жауап, мұғалім өткен сөздерді, грамматиканы қолданып сұрақ қояды, оқушы сол сөздерді пайдаланып жауап береді, бірақ мұндай сұрақ-жауап арқылы сөйлеу біліктілігін игергенін тексеру мүмкін бе деген сұрақ туындайды. Осы білетін сөздерін, грамматикалық құрылымдарын қандай жағдайда, кімге қолдануға болатынын

мұндай тәсілмен игергенін тексеру мүмкін емес. Әсіресе жапон тілінде сөйлеушілер аз, ондай орта жоқ Қазақстандық оқушылар үшін де оқытушылар үшін де өте қиын мәселе. Әрине осыдан 4-5 жыл бұрынғы жағдайға қарағанда қазіргі кезде жапондық оқытушылар саны да, жапондық студенттер де көбейіп, оқушылардың жапон тілінде сөйлейтін ортасы кеңейді, дегенмен сабақ барысында оқыған жапон тілін тәжірибе жүзінде қалай қолданатынын, тіл біліктілігін қалай бағалай аламыз.

Сабақ жоспарын, емтихан сұрақтарын құрастыру барысында неге көңіл бөлу керек екенін қарастырып көрейік.

Бастапқы деңгейде өзі жайлы, өзіне қатысты әртүрлі тақырыптарда жапон тілінде сөйлеуге дағдылану, белгілі бір тақырыпқа қатысты сөйлеу, диалог құру. Бір-екі сөйлеммен болсада өзі жайлы айта білу, өзін таныстыра білу, белгілі бір затты таныстырып, басқа бір адаммен диалог құра білуді үйрену. Сөйлеу білу үшін, өзі жайлы айта білу үшін тек жоғары курста оқу керек деген пікірді жою, студент бастапқы деңгейден бастап қарапайым тақырыптарда диалог құрастырып, өзара пікір алмастыруға, өзі жайлы, өзінің айналасындағы мәселелерге қатысты сөйлеп үйренуі керек. Өзінің отбасының, демалыста болғанда түскен суреттерін көрсетіп, әңгімелеу. Өзінің жақсы көретін спорт түрін, хоббиін таныстыру. Орта, жоғарғы деңгейлерде өзінің сүйікті мангасы, кітабы, фильмі жайлы айта білу. Өзінің сүйікті актерін, персонажын таныстыру сияқты дағдыларды меңгеру. Сонымен қатар бірге оқитын студенттердің әңгімесін тыңдай білу, сұрақ қоя білуді үйрену, осыдан олар пікір алмасуға, белгілі-бір іске қатысты өз ойын айта білуге дағдыландыру.

Орта, жоғары деңгейлерде сөз қоры, грамматикалық құрылымдары кеңейетіндіктен кең ауқымды тақырыптарға қатысты сөйлеп, диалог құрып, пікір алмасуға болады. Рөлдік ойындар, дискуссия, интервью өткізуге болады. Студенттердің қызығушылықтарын тудыру үшін жапондық студенттерден, жапондық оқытушылардан өзін толғандыратын мәселеге қатысты интервью алу. Интервьюға дайындық барысында студенттер сұрақ құрастырады, сол сұраққа байланысты жаңа сөздер, жаңа грамматика үйренеді. Бұл студенттің сөздің қорын көбейтуге септігін тигізеді, сонымен қатар осы уақытқа дейін жапондықтармен жапонша сөйлеуге қысылып жүрген студенттер үшін тиімді тәсіл болады. Студент өзінің қорқынышынан айырылуға мүмкіндік алады.

Жоғарғы курс студенттері немесе жапондық студенттерді шақырып, екі жаққа да қызықты тақырыпта дискуссия өткізу. Дискуссия олардың жапон тілінде өз ойларын еркін жеткізуге, өз пікірін қорғап үйренуге, басқа адамның ойын тыңдап, оған қарсы дәлел айтуға дағдыландырады.

Жыл сайын өткізілетін шешендік өнер сайысына дайындық ретінде спич жазғызып, сабақта оқушылар арасында спич-жарысын өткізу. Спич жазу барысында студент дұрыс жазуды үйреніп қана қоймай, жазба және ауыз екі тілдің ерекшеліктерін, айырмашылықтарын оқып үйренеді. Ел алдына шығып сөйлеп үйренуге бейімделеді.

Әр жаттығу түрін жеке-жеке талдайтын болсақ, жапондық студенттен немесе, оқытушыдан интервью алар алдында сұрақ дайындап, сұрақтарды интервью алатын адамға байланысты ыңғайландырады. Оқытушы болса сыпайылық формаларын қолданып, ресми сыпайы формада дайындаса, студенттен интервью алатын кезде қарапайым форманы қолданады, қазіргі замандағы жастар слэнгын пайдалану сияқты жаңа мағлұмат, қосымша мәлімет алады. Оның үстіне интервью сабақ кезінде талқыланатындықтан, бір-бірінің тақырыбын тыңдап қана қоймай, жаңа материал игере алады. Бұл жаттығу тіл оқуда кездесетін тілдік барьерді жоюға мүмкіндік береді, сонымен қатар студенттің бойында «мен де жапон тілінде сөйлей аламын, менін, алған білімім жапондармен сөйлеуге жетеді екен» деген өзіне сенімділік пайда болып, арта түседі. Ал интервью алу барысында құрастырған сұрақтары, қолданылған сөздері мен грамматикалық құрылымдары арқылы оқытушы студенттің сөйлеу қабілеттілігімен бірге жазу қабілеттілігін тексере алады.

Дискуссия сабағына келетін болсақ. Бұл жерде сөйлей алу үшін қажетті 4 біліктілікті тексере аламыз, мысалы, дискуссияға түсу үшін грамматика, сөз қоры қажет, сөйлеушінің жас ерекшелігіне, кім екеніне байланысты диалог құру керек, сонымен қатар диалогты, дискуссияны дұрыс құра білу керек, төменгі курс студенттері болса, сөздік қоры аз болғандықтан қандай сөзбен, қандай грамматикамен алмастыруға болатынын ойлап стратегия құруды үйренеді, осылай студенттердің сөйлеу қабілеттілігіне қажетті біліктіліктерді игергенін тексеруге болады. Студент өз ойын еркін айтып, басқа адамның пікірімен сөз таластырып, өзара пікір алмасады. Сонымен қатар ең маңыздысы қазақ немесе орыс тілін қолданбауды талап ету, білетін сөздерін, грамматикасын қолданып өз ойын жеткізе білуді үйрену.

Ал спич-сабағына келетін болсақ, студент, ең алдымен, шығарма жазатындықтан, жазу қабілеттілігіне жаттығу болады, сонымен қатар оны жаттап, аудиторияда топтың алдында сөйлейді. Студенттің дикциясы, интонациясы түзеледі. Топ алдына шығып, сөйлеп үйренеді. Тек сөйлеп қана қоймай, аудиториядағы студенттердің сұрақтарына жауап беретіндіктен алдын ала дайындалып, ізденіп, жаңа сөздер, сөз тіркестерін жаттайды. Студенттің сөздік қоры кеңейеді.

Жыл бойы, семестр бойы практикалық сабақтарда ауызша тілді дамыту үшін көптеген жаттығулар өткізіліп, бірақ аралық бақылау немесе емтихан кезінде ауызша емтиханның болмауы студенттің сөйлеу, дұрыс сөйлеу, акцент, интонация, ауызша бақылау ұғымдарының сапасын төмен түсіреді. Әсіресе сөйлей алмайтын, сөйлеуге қысылатын оқушылардың сөйлеу қабілеттілігін жетілдіру керек деген сенімдері төмендейді.

Аралық бақылау, midterm, емтихан барысында сабақ кезінде жасалған интервью, спич, рөлдік ойын түрлерін қолдануға болады немесе дискуссия барысында қарастырылған қоғамда өзекті мәселелерге айналған тақырыптарды таңдап, емтихан барысында сол тақырыпта студент өз ойын, пікірін айту, сұраққа жауап беру формасында өткізіп, бұл студенттің сөйлеу қабілеттілігін ғана тексеріп қоймай, тілді оқуда қажетті біліктілікті меңгергенін тексеруге болады.

Сөйлеу біліктілігі ол тілді меңгеруде қажетті басқа да біліктіліктерді дамытуда рөлі зор, мысалы, сөйлеу біліктілігін тексеру барысында біз сөйлеушінің сол тілде есту қабілеттілігін, сөздерді дұрыс айтуын, интонациясын, акцентсіз таза сөйлеуін тексере аламыз. Сөздік қорын біле аламыз. Сонымен қатар өз деңгейіне сәйкес әңгіме құрастырып, сөйлей алатын студент жақсы жазуға да, дұрыс естуге және оқуға дағдыланады. Сонда бір сөйлеу емтиханы арқылы біз студенттің жазу, есту, оқу қабілетін тексере аламыз.

Соңғы уақыттарда емтихан түрлері көбінесе жазбаша болуы, әсіресе ҰБТ еңгізілуіне байланысты оқушылардың сөйлеу мәдениеті төмен болып келеді.

Бірақ университетті бітіру емтиханы кезінде ауызша емтихан алынады, шет ел университеттеріне тапсыру кезінде, жұмысқа қабылдану кезінде интервью алынады. Бірақ мектеп, университет қабырғасында тек тест, жазу емтиханына дағдыланған бітіруші интервьюдан өтуі екіталай. Мектеп, университет қабырғасында тек жаза білу қабілеттілігін игерген және маңызды деп үйренген оқушыларға бірден интервьюға қа-

тысып, сөйлеу біліктілігін көрсету өте қиын. Сол себепті студенттер дұрыс, әдемі сөйлеуді, тілді дұрыс қолдана білуді университет қабырғасында үйренуі керек.

Сөйлеу қабілеттілігі тәжірибе арқылы келетін болғандықтан оған арнайы дайындалып, тәжірибе жинау керек. Сондықтан қазірден бастап студенттердің бойына жеткілікті сөз қорын, ор-

таға, жағдайға байланысты сөйлеу, дұрыс сөйлей алу қарым-қатынасын құру дағдысын қалыптастыру керек.

Сөйлеу қабілеттілігі тек филолог немесе гуманитарлық мамандарға ғана қажет деген ұғым қате түсінік. Кез келген маманға кәсіби деңгейде сөйлей білу, басқа адамға өзін тыңдата білу маңызды.

#### Әдебиеттер

1. Hanasu koto wo osieru, 2010, JF Nihongo kyouiku 15-27-б.
2. Nihongo kyoujyuuhou work shop, 2007, 25-37-б.
3. Nihongo kyouikugaku wo manabu, 2007, 87-95-б.
4. ACTFL OPInyuumon, 2010, 20-25-б.
5. Nihongo kyousinotameno testo sakusei manual, 2011, 97-98-б.
6. Nihongo kyouiku nouryoku kenntei shaken, 2012, 233-б.